

# KASE

# АПТАЛЫҒЫ

17–21 сәуір  
2023

## КАСЕ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

- Мәмілелер жасасу мақсатында сауда-клирингтік шоттарды пайдалану [ережелеріне](#) және Қазақстан Республикасының мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерін орналастыру [ережелеріне](#) өзгертулер енгізу түзетулер қолданысқа енгізілді.
- KASE ресми тізіміне "Онлайн ҚазҚаржы МҚҰ" АҚ [KZ2C00009728](#) (MFOKb10) облигациялары, "Форпост" ЖШС [KZ2P00009707](#) (FPSTb1) облигациялары, "Қазақстан темір жолы" ҰК" АҚ [KZ2C00009678](#) (TMJLpp3) облигациялары, "Аркада Индастри" ЖШС [KZ2P00009665](#) (ARCDPP3) облигациялар және Азия даму банкінің [XS2610164944](#) (ASDBe15) халықаралық әлеуметтік облигациялары енгізілді.
- KASE ресми тізімінен айналыс мерзімінің аяқталуына байланысты "Fincraft Group" ЖШС [KZ2P00006190](#) (NCOMb2) облигациялары алынып тасталды.
- KASE-де "Форпост" ЖШС [KZ2P00009707](#) (FPSTb1) облигацияларымен және "Онлайн-ҚазҚаржы МҚҰ" ЖШС [KZ2C00009728](#) (MFOKb10) облигацияларымен сауда-саттық ашылды.
- KASE-де "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ [XS1807299174](#) (KMGZe13) халықаралық облигациялары мерзімінен бұрын өтелуіне байланысты олармен сауда-саттық тоқтатылды.

## ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- Қазақстан Қаржы министрлігі KASE-де 406,1 млн MEKKAM-12 154-ші шығарылымын ([KZK100000290](#), MKM012\_0154), 57,3 млн MEOKAM-48 54-ші шығарылымын ([KZK200000729](#), MOM048\_0054), 42,9 млн MEUKAM-84 18-ші шығарылымын ([KZKD00001137](#), MUM084\_0018) және 73,7 млн MEUKAM-120 19-шы шығарылымын ([KZKD00001129](#), MUM120\_0019) орналастырды.
- "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ KASE-де KZ2C00009397 (BRKZb29) облигацияларын жылдық 15,25 % орналастыра отырып, 4,0 млрд теңге [тартты](#).
- "Форпост" ЖШС KASE-де KZ2P00009707 (FPSTb1) облигацияларын жылдық 10,75 %-бен [орналастырды](#).
- "ОнлайнҚазҚаржы МҚҰ" АҚ KASE-де KZ2C00009728 (MFOKb10) облигацияларына жазылым жүргізу арқылы өтеуге кірістілігі жылдық 21,00 %-бен орналастыра отырып, 2,0 млрд теңге [тартты](#).
- "Қазақстандық орнықтылық қоры" АҚ KASE-де KZ2C00009462 (KFUSb54) облигацияларын өтеуге орташа алынған кірістілігі жылдық 18,28 %-бен орналастыра отырып, 6,1 млрд теңге [тартты](#).
- "ҚазМұнайГаз" Ұлттық компаниясы" АҚ Қаламқас-теңіз, Хазар және Әуезов жер қойнауы учаскелерінде көмірсутектерді өндіруге арналған келісімшартқа толықтыру жасалғаны туралы [хабарлады](#).
- Tethys Petroleum Limited жаңартылған корпоративтік ақпаратты [ұсынды](#).
- "Алтыналмас АҚ" АҚ артықшылықты акциялар бойынша 2023 жылдың бірінші тоқсанына дивидендтер [төледі](#).
- "ҚазТрансОйл" АҚ компанияның магистральдық құбырлар жүйесі бойынша мұнайды Қазақстан Республикасының ішкі нарығына тасымалдау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметке тарифті арттыруды қарастыру туралы [хабарлайды](#).



21.04.2023

Трендтер (%)


KASE Индексі	3 495,89	1,0	7,4
Өтімділіктің бірінші сыныбы	Бағасы	Δ 7к	Δ 1а
АО "КазТрансОйл"	743,00	9,3	13,9
Altyngold plc	862,12	5,9	18,1
NVIDIA Corp.	273,24	3,8	7,6
Freedom Holding Corp.	70,00	3,6	2,9
АО "НАК "Казатомпром"	13 699,99	2,4	3,7
АО "Банк ЦентрКредит"	695,00	1,6	7,8
Bank of America Corporation	30,08	1,6	3,7
АО "НК "КазМунайГаз"	10 425,96	1,3	23,2
АО "KM GOLD"	154,98	1,2	7,6
Apple Inc.	166,15	1,0	7,9
АО "БАСТ"	8 109,00	0,6	- 4,6
АО "Казхателеком"	29 172,90	0,4	- 0,8
Ford Motor Company	13,70	0,1	1,5
АО Kасpi.kz	34 410,00	- 0,0	1,3
АО "КЕГOC"	1 602,03	- 0,1	- 1,1
АО "Кселл"	1 884,97	- 0,2	5,5
АО "Народный банк Казахстана"	144,00	- 0,3	10,8
АО "ForteBank"	4,39	- 0,5	10,0
Intel Corporation	30,85	- 0,8	4,6
Advanced Micro Devices, Inc.	89,97	- 2,6	- 7,8
Meta Platforms, Inc.	212,40	- 2,7	8,0
Tesla, Inc.	184,87	- 3,7	- 2,7
Pfizer Inc.	39,91	- 4,4	- 0,6

Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген

### KASE Индексінің акциялары



### Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі



Өткен аптаның қорытындысы бойынша KASE Индексінің мәні 1 %-ға артып, өткен жылы алғаш рет 3 500 тармақ деңгейіне жақындады. Индекстің өсуінің негізгі драйверлері 9,3 %-ға өскен ҚазТрансОйл жай акциялары және 2,4 %-ға өскен Қазатомөнеркәсіп Ұлттық атом компаниясы болды. ЦентрКредит Банкі акцияларының бағалары бір апта ішінде 1,6 %-ға, ҚазМұнайГаз ұлттық мұнай-газ компаниясы 1,3 %-ға өсті.

ҚазТрансОйл Табиғи монополияларды реттеу комитетіне компанияның магистральдық құбырлар жүйесі бойынша Қазақстанның ішкі нарығына мұнайды тасымалдау жөніндегі тарифті мың км-ге тоннасына 15 %-ға – 5 мың теңгеге дейін арттыруға өтінім жолдады. Бұл сондай-ақ ҚазТрансОйл бас компаниясы болып табылатын Қазмұнайгаз компаниясы акцияларының мұнай бағасының төмендеуін түзету аясында баға белгілеулерін қолдады. ҚазМұнайГаз жай акцияларының ағымдағы құны 2022 жылдың желтоқсанында өткізілген IPO бағасынан 24 %-ға артық.

Kасpi.kz және Алтыналмас компаниялары өз акциялары бойынша дивидендтер төленгені туралы хабарлады.

"KASE Global" секторының компанияларынан Intel Corporation, Microsoft Corporation және Johnson&Johnson акциялары бойынша дивидендтер төленеді деп күтілуде. Қазіргі уақытта "KASE Global" секторына 50 шетелдік эмитенттің 56 бағалы қағазы, оның ішінде 44 акция және 12 шетелдік ETF енгізілген.

Инвестициялық компаниялардың жаңалықтарынан "BCC Invest" ЦентрКредит Банкінің еншілес ұйымы 2023 жылдың қаңтар-наурыз айларында "ЦентрКредит-валюталық" интервалды инвестициялық пай қорының пайларын ұстаушыларға 492,4 мың АҚШ доллары мөлшерінде дивидендтер төленгені туралы хабарлады.

Қазақстан қор биржасының борыштық капитал нарығында өткен аптада мынадай оқиғалар болды.

KASE Листингтік комиссиясы "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы мен "АРҚАДА ИНДАСТРИ" ЖШС жаңа облигацияларын "Жеке орналастыру" алаңына, баламалы алаңға – "ОнлайнҚазҚаржы" МҚҰ және "Форпост" ЖШС облигацияларын ресми тізімге енгізу туралы шешім қабылдады. Соңғы екі компания өз облигацияларын KASE-де орналастырды.

"Онлайн Қазқаржы" микроқаржы ұйымы KASE-де жазылым жүргізу арқылы өтеуге кірістілігі жылдық 21 %-бен жылдық облигацияларды орналастыра отырып, 2 млрд теңге тартты.

"Форпост" ЖШС жылдық 10,75 %-бен 10 млн АҚШ доллары сомасына жылдық облигацияларды орналастырды.

Орналастыру қарсаңында 19 сәуірде KASE компанияның "Эмитент күнін" өткізді, оның барысында компания басшылығы құрамында алтын бар кен өндіру және алтын өндіру жөніндегі қызметтің нәтижелері туралы, сондай-ақ кеннің флотациялық байыту жөніндегі фабриканы кеңейту, рентабельділік пен көлемді жылына 540 кг-ға дейін ұлғайту жөніндегі жоспарлар туралы айтты.

Қазақстанның Даму Банкі KASE-де өзінің жылдық облигацияларды жылдық 15,25 %-бен орналастыра отырып, 4 млрд теңге тартты. Айта кетейік, шоғырландырылған қаржылық есептілік бойынша аудиторлық есепке сәйкес, банктің 2022 жылдағы таза пайдасы 8,3 %-ға өсіп, 34,1 млрд теңгені құрады.

Қазақстандық орнықтылық қоры жылдық 18,28 % өтеуге кірістілігі бар және айналыс мерзімі 3 жыл болатын 6,1 млрд теңге сомасына облигациялардың бір шығарылымын орналастырды. Өткен аптада "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы, "Азық-түлік келісімшарттық корпорациясы", "Қазақстандық тұрғын үй компаниясы", "Еуразиялық банк", Bank RBK, Банк ВТБ және басқа да эмитенттер өз облигациялары бойынша купондық сыйақы төледі.

Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығында өткен аптада Қазақстан Қаржы министрлігі KASE-ге 1 жылдан 8 жылға дейінгі өтеу мерзімімен және өтеуге кірістілігі жылдық 13,82–14,8 %-бен жалпы сомасы 193,8 млрд теңгеге қазынашылық міндеттемелердің төрт шығарылымын орналастырды.


Халықаралық жаңалықтардан инвесторлар ковидтік шектеулер алынып тасталғаннан кейін Қытай экономикасының қалпына келуі қарқынының өскенін атап өтті. Мәселен, Қытайдың ЖІӨ өсімі 2022 жылға 3 %-дан ағымдағы жылдың бірінші тоқсанындағы жылдық 4,5 %-ға дейін жеделдеді. Бұл тауарларға деген сұранысты қолдайды.

Еуроаймақтағы инфляция наурыз айында жылдық 8,5 %-дан 6,9 %-ға дейін төмендеді, бұл сарапшылардың болжамымен сәйкес келді. Ұлыбританияда тұтыну бағаларының индексі төмен қарқынмен төмендейді және жылдық 10 %-дан жоғары болып қалады. АҚШ-тың банк секторы аралас қаржылық есептілікті жариялайды. Жарияланған деректердің түсініксіздігі және маңызды оқиғалардың болмауы аясында өткен аптадағы негізгі әлемдік индекстер тар бүйірлік трендте өзгерді: S&P 500 – 4 120 – 4 160 аралығында, NASDAQ – шамамен 12100 тармақ, Euro Stockholm 50 - 4400 тармақтан сәл төмен.




Өткен аптада ақша нарығында айдың ортасында күтілетін ставкалардың өсуі басталды. TONIA бір күндік репо тарту мөлшерлемесі жылдық 16,4 %-дан 17,59 %-ға дейін өсті. Бір күндік валюталық своп операцияларының АҚШ долларындағы кірістілігі "салық кезеңінің" басталуы аясында қысқа мерзімді теңгелік өтімділіктің төмендеуіне байланысты бір апта ішінде жылдық 15 %-дан 17,8 %-ға дейін өсті.


### Инфляция және пайыздық мөлшерлеме



### ҚР ҰБ ноталарын орналастырудың негізгі параметрлері



### Тәуекелсіз қысққ кірістілігі





Сауда-саттық қорытындысы бойынша 21 сәуірде теңгенің нарықтық бағамы бір аптада 1,7%-ға (450,25 теңгеден) әлсіреп, бір АҚШ доллары үшін 457,68 теңге деңгейінде қалыптасты.


2023 жылғы 14 – 21 сәуір аралығындағы кезеңде сыртқы валюта нарығында бірқатар маңызды оқиға орын алды. Атап айтқанда, Еуроаймақтағы инфляция 6,9%-ға дейін ж/ж бәсеңдеді, бұл – 2022 жылғы ақпаннан бергі ең төменгі қарқын. 2023 жылғы 1-тоқсанның қорытындысы бойынша ҚХР-дағы ЖІӨ талдаушылардың күткенінен асып түсіп, 4,5%-ға ж/ж ұлғайды. АҚШ-тағы іскерлік белсенділік көрсеткіші сәуірде 53,5 тармаққа дейін едәуір өсіп, инфляциялық қысымның қайта орын алатыны жөнінде қауіп туғызды.

Бұл факторлар көбінесе дамушы нарықтар валюталарының теріс динамикасына алып келді. Дамушы елдер валюталарының АҚШ долларына қатысты бағамдарының динамикасы төмендегідей қалыптасты:

- Мексика песосы 0,2%-ға (18,02-ден 17,99-ға дейін) нығайды. Тәуекел сентиментінің нашарлауына қарамастан, Мексиканың ұлттық валютасының динамикасы тұрақты болып қалды. Ақпанда Мексикадағы бөлшек сауда 3,4%-ға дейін бәсеңдеді;
- Ресей рублі салық кезеңі жақындаған уақытта экспорттаушылардың валюталық түсімді сатуды жандандыруы аясында 0,1%-ға (81,79-дан 81,7-ге дейін) нығайды;
- Оңтүстік Африка ранды жағандық тәуекел дәрежесінің төмендеуі және ОАР ұлттық валютасының әлсірегені жөнінде Morgan Stanley болжамы аясында 0,1%-ға (18,09-дан 18,11-ге дейін) әлсіреді. Наурызда инфляция 7,1%-ға дейін ж/ж жеделдеді;
- түрік лирасы президентті сайлау алдында шетел валютасына сұраныстың артуы аясында 0,2%-ға (19,36-дан 19,4-ке дейін) әлсіреді;
- үнді рупиясы теріс тәуекел сентиментінің басым болуы аясында 0,3%-ға (81,85-тен 82,1-ге дейін) әлсіреді;
- Индонезия рупиясы Орталық банктің негізгі мөлшерлемені өзгеріссіз – 5,75% деңгейінде ұстау жөніндегі шешімі аясында 1,8%-ға (14 705-тен 14 976-ға дейін) әлсіреді;
- Бразилия реалы инвесторлардың тәуекел дәрежесінің жағандық төмендеуі және үкіметтің бюджеттік реформасына күмәндану аясында 2,9%-ға (4,91-ден 5,05-ке дейін) әлсіреді.

### Шетел валюталарының бағамы динамикасы


Δ %, база (01.01.23)



	Бағасы	Δ 7к, %	Δ 30к, %	Δ 2023, %
— GBPKZT	566,75	0,64	0,48	1,76
— USDKZT	457,68	1,65	-1,46	-1,52
— EURKZT	501,34	0,68	1,19	1,32
— CNYKZT	66,44	1,10	-1,37	-0,76
— RUBKZT	5,68	2,90	-6,84	-13,22

### Brent мұнай құны

USD/баррель



Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.



Халықаралық индекстер

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс
		7к	1а	1ж	7к
S&P 500	4 133,52	-0,1	5,0	-5,9	-0,2
Dow Jones	33 808,96	-0,2	5,6	-2,8	-0,3
PTC	1 019,20	3,7	4,0	6,0	2,4
MMBБ	2 285,53	0,0	0,0	0,0	2,4
Hang Seng	20 075,73	-1,8	2,5	-2,9	-2,0
SS CSI 300	4 032,57	-1,5	0,8	0,9	-1,2
Euro Stoxx 50	4 408,59	0,4	5,1	12,2	0,4
FTSEuroFirst	4 961,00	0,4	4,5	6,0	0,4
FTSE 100	7 914,13	0,5	4,6	3,8	0,4
KASE	3 495,89	1,0	7,4	10,3	

Шикізат нарығы

21.04.2023

Атауы	Бағасы	Тренд %		
		7к	1а	1ж
Мұнай (Brent)	81,66	-5,4	6,5	-24,6
Мұнай (WTI)	77,87	-5,6	9,8	-25,0
Табиғи газ	2,23	5,6	2,9	-67,9
Мыс	398,00	-3,1	-2,2	-15,4
Темір	873,00	-7,6	-4,6	-6,3
Алтын	1 983,06	-1,1	1,9	1,6
Күміс	25,06	-1,6	10,5	1,8
Астық	661,75	-3,0	-0,3	-38,0

Экономикалық уақиғалар күнтізбесі

Валюта Болжам Алдыңғы

24.04	<u>Германияның іскерлік климатының индексі IFO (сәуір)</u>	EUR	94,0	93,2
26.04	<u>Ұзақ пайдаланылатын тауарларға базалық тапсырыстар (a/a) (наурыз)</u>	USD	-0,2%	-0,1%
27.04	<u>ЖІӨ (т/т) (1 тоқ)</u>	USD	2,0%	2,6%
28.04	<u>Германияның ЖІӨ (т/т) (1 тоқ)</u>	EUR	0,3%	0,9%
28.04	<u>Пайыздық мөлшерлеме бойынша шешім (сәуір)</u>	RUB	7,5%	7,5%
28.04	<u>Германияның тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (a/a) (сәуір)</u>	EUR	0,6%	0,8%
28.04	<u>Жеке тұтыну шығыстарының базалық баға индексі (a/a) (наурыз)</u>	USD	0,3%	0,3%

Анықтама: Күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптаның экономикалық неғұрлым маңызды оқиғалары

В – миллиард  
М – миллион  
К – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

Мәні Күні Алдыңғы ай

Жылдық инфляция	18,1%	01.04.23	21,3%
ҚРҰБ жалпықлттық резервтер, млрд USD	36,1	01.04.23	34,5
Ақша базасы, млрд KZT	10 284,5	01.04.23	10 047,2
Ақша масса, млрд KZT	33 902,1	01.04.23	32 983,0

Қазақстанның несие рейтингі

Рейтинг Күні Алдыңғы

**S&P Global**

BBB-/A-3 әлсіз 03.03.23 BBB-/A-3 негативті

**Moody's**

Ваа2/әлсіз 11.08.21 Ваа3/позитивті

**FitchRatings**

BBB/әлсіз 02.12.22 BBB/әлсіз



## "Қазақстан қор биржасы" АҚ

**Мекен-жайы:** Қазақстан Республикасы,  
050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ  
"Almaty Towers"

**Тел.:** +7 (727) 237 53 00




**Корпоративтік веб-сайт**



**Бізбен байланысыңыз**



**Листингілік компаниялардың  
корпоративтік оқиғалар  
күнтізбесі**



Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі. KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл, дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді. KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар.
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламан жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап.
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған.

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады. Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.